

Бұйрық №86 **06.10. 2023жыл**

Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

Ақмола облысының білім басқармасының 2023 жылғы 5 қазандағы бұйрығының және Ақкөл аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 6 қазандағы бұйрығының негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік түріне және ведомствалық бағыныстылығына карамастан мектепке дейінгі, жалпы орта ұйымдарда 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері белгіленсін:

2023 жылғы 1 қыркүйек -2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11(12)-сыныптарында оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1 тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан 5 қараша аралығында)

2-тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда)

3-тоқсан -10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21 -31 наурыз аралығында);

1 сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан -8 оқу аптасы

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін: қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;